



ЖАСТАР ӘЛЕМІ МИР МОЛОДЕЖИ

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті * Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова

Бүгінгі номерде

Білімді жас – ел ертеңі

бет. 2

Уважать символы своей страны

стр. 3

Жатақхана – алтын бесік

бет. 4

«Стипендия «Казкома» за успехи в учебе

стр. 7

От школьных уроков – к научным открытиям

стр. 11

Білімді ту еткен ұл-қыздар

бет. 12

Сегодня в номере



Студенческий октябрь

Октябрь – это месяц, когда первокурсники, поступившие в вузы, становятся полноправными членами студенческого сообщества. Их старшие друзья проводят торжественную церемонию посвящения в студенты, «перваши» получают зачетку и студенческий билет - документы, удостоверяющие начало их университетской жизни.

В КарГУ сейчас проходит традиционный конкурс на лучшее «Посвящение в студенты – 2012» с участием факультетов нашего университета. Конкурс проводится с целью знакомства студентов первого курса с достижениями университета, преподавателями и студентами факультетов, выявления наиболее талантливых и способных студентов как в творческом, так и в организаторском плане, приобщения студенческой молодежи к общественной, культурной жизни вуза.

Учредителями конкурса традиционно выступили ректорат, профком, Дворец студентов, Комитет по делам молодежи КарГУ им. Е. А. Букетова. В соответствии с Положением в конкурсе принимают участие все факультеты. Согласно Положению при подведении итогов конкурса учитываются: торжественность и организованность проведения мероприятия; оригинальность замысла; массовость и участие студентов всех курсов в проведении праздника; наличие и качество музыкального оформления; разнообразие жанров в конкурсной программе; культура поведения на сцене.

Первокурсники нескольких факультетов (факультета философии и психологии, биолого-географического, химического, исторического, факультета иностранных языков, математики и информационных технологий) уже прошли процедуру посвящения и теперь ждут оценок экспертного жюри. А остальные первокурсники волнуются: им еще предстоит оказаться на одной сцене со своими преподавателями и руководителями факультетов, показать свои таланты. Посвящения в студенты продлятся до 7 ноября 2012 года.

В рамках посвящений для первокурсников их старшие коллеги организуют концертные номера, поздравления, показывают в шуточной форме все прелести студенческой жизни. Главное, что этот день должен запомниться участникам торжеств надолго и, главное, оставить хорошее впечатление.

Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі

Жақында ҚарМУ-дай қасиетті қара шаңырағымыздың аясында Қарағанды, Теміртау қалалары жоғары оқу орындарының студенттері Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері мен қазақ елінің ұлттық рәміздерін қаншалықты қастерлеп, құрмет тұтатындықтарын дәлелдеп бақты. Бірнеше сағатқа созылған дода барысында Ата заң мен мемлекеттік нышандарымыз туралы өрнекті ойлар айтылды.

Олимпиада шымылдығын Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы Әсел Сейтжанқызы мен мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аймақтық оқыту орталығының аға оқытушысы Серік Хамзиұлы ашып, тамаша бастама ойлар тастап берді. Олимпиада қатысушыларына ең алдымен 30 минуттық эссе жазу турасында жүктеме түсті. Нағыз ығайлар мен сығайлардай ысылып келген жүйріктер санасына тұнған ел деп еміреніп, тіл деп тебірене алатын ыстық сезімдегі рухтарын ақ параққа аяусыз төгіп жатты. Неге төкпеске?! Кешегі дауылпаз ақын, ғасыр ақыны Қасым аға былай деп жырламаушы ма еді: «Қазақстан дейтін менің бар жерім, Жатыр алып жарты дүние әлемін! ...Бұл далаға жылап келіп, уанғам, Бұл даланы көріп алғаш қуанғам, Бұл далада өскен жанда жоқ арман!»

Ақпараттар тасқыны

Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дәріс залында белгілі тележурналист Айман Қаймулдина студенттермен кездесу өткізді. Мен бұл кездесуден үлкен әсер алдым. Себебі ол кісінің бойынан таза журналистік мінез байқадым. Ел сүйсіне қарайтын сұлулықты, байыптылықты, нағыз өз мамандығына берілген журналистік бейнені көре алдым. Аз ғана уақытта аудиторияның назарын өзіне аударып, студенттермен лезде тіл табысып кетті. Айман апай кездесуге шәкіртің ерте келіпті. Журналистиканың қыр-сырымен енді ғана таныса бастаған бізге сол күнгі кездесу үлкен әсер қалдырды.

МАНАРА ЖАҚАНОВА,
ЖУРНАЛИСТИКА БӨЛІМІНІҢ 1 КУРС СТУДЕНТІ

Сенбілік – тазалық кепілі



Қаламызды абаттандырып, көшелерін қоқыстан тазартуға мектеп оқушыларынан бастап жоғары оқу орындарының студенттері, соның ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері бір адамдай атсалысты. Айға созылған сенбіліктің соңғы аптасында қызық оқиғаға тап болдық. Журналистика бөлімінің студенттері көшені қоқыстан тазарту барысында үш бірдей мысықтың баласын тауып алған. Ә демей аязды күннің басталатынын ескеріп, шетел тілі бөлімінің студенттері табылған мысықтың балаларын өздерінде қалдырғанды дұрыс деп тапқан. Сонымен, мысықтың балалары өз иелерін тапса, қала көшелері ағарған-көгерген қоқыстан тазарды.

АҚМАРАЛ ДЕМЕУ,
ҚЖ-12 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ

Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі

(Жалғасы. Басы 1 бетте)
Иә, дауылды сүйген дарабоз ақынның дарыны шарпыса, мынау арадағы отанымыздың үкілеген жас жүйріктері де дүр дүниені бір дүбірлетіп өтері сөзсіз. Қанында көкжал исі аңқыған Алашымның айсберг айбарларының әлбетте әлжуаз болуға қақысы жоқ. Замандас, ерлікті, егемендікті, теңдікті жырла. Қыранның өрлігіндей, көкжалдың бөрілігіндей тектілікті аңсаған кеуденді жатқа бастырасың ба? Бодаандықтың бұғауынан бұлқынып жүріп бүгінге әзер жеткенінді түйіп, бұл күннің қадыр-қымбатын сезініп, қалққан қарапайым халқыңа қорғанда қормал болғың келмей ме? Ата-бабам әлімсақтан бері аңсаған алтыным — азаттығым! Шіркін, осы еді жалғыз бақыт! Елдігімнің ең айқын белгілері санаңның төріне бекем жайғассын, еркем. Дода екінші кезеңге ұласқанда жарты сағат бойы тестілеумен жұмыс жасады. Ал үшінші кезең — капитандар сайысында әрбір топ 15 минут ішінде плакатқа берілген тақырыптарға сәйкес сурет, сандар, кестелер, диаграммалар, графиктер салу арқылы презентациялық материалдар дайындап, өз ойларын жеткізді.
Жалпысы сайысқа 18 команда қатысты. Сайыс жоғары деңгейде сәтті өтті. Шаң қаптырып, оза шапқан шын жүйріктер өз жүлделерімен бөлісті. Айталық, жоғары оқу орындарынан Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Патриоты» командасы 1 орынды, Қазтұтыну-

одағы Қарағанды экономикалық университетінің «Де-Юре» командасы 2 орынды алса, «Фемида» Заң академиясының «Барыс» командасы 3 орынды қанағат тұтты. Ал он факультет арасында өткен тартысты сайыста алғалап алға шыққандарды айтсақ, заң факультетінің «Әділет» командасы 1 орынға, философия және психология факультетінің «Politia» командасы 2 орынға табан тіресе, үштікке химия факультетінің «2030» командасы ілікті. Шурайлы сөз, ойлы орамдармен «үздік эссе» жазғандары үшін «Алаш» және «Намыс» командалары марапатталды. Доданы қыздырып, қорығын басқан «үздік капитандар» атағына «Сарыарқа қырандары» (тарих факультеті) мен «Де-Юре» (Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті) командалары лайықты деп шешілді.
Бұл реткі олимпиаданың мақсаты мен міндеті айқын, маңызы зор деп ауыз толтыра айта аламыз. Мұның астарында Қазақстанның мемлекеттік рәміздері — Елтаңба, Ту, Әнұранды насихаттау және дәріптеу арқылы мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен мақтаныш сезімдерін жандандыру, жастардың құқықтық салауаттылығын жетілдіру және құқықтық мәдениеттің құндылықтарына баулу, жастардың зияткерлік, шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау, отансүйгіш сезімді, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырудай мақсат пен міндеті жатыр. Біз үшін егеменді тәуелсіздіктің 20 жылы осындай Қазақстан сынды



айбарлы мемлекеттің қалыптасуы үшін тым аз ғана уақыт. Әйткенмен санаулы жылдар ішінде Астананы көшірдік. Алғаш Алматы, Астана қалаларында Азияда алауын тұтандырдық. Жаһанды жайлаған экономикалық дағдарыс етек алып жатқанда бақандай 56 елге дінаралық үстемдік орнаттық. Әлемдік антиядролық және дінаралық қауіпсіздікті жаһандық деңгейде қамтамасыз етуде тамаша үлгілі үстемдікте үлес қосып, үкіленіп алда тұрдық. Міне, бұл халқымыздың қонақуар, қайырымды, қайратты, еңбексүйгіш, ізденімпаз, тату бірлігі мен батыл көрегендігінің арқасы деп білеміз. Орта Азия өңіріндегі көшбасшы елге әлі-ақ әлем халықтары жаппай мойынсал болатынына сенем. Алға Алаш жұрты!

ҚАДЫРСЫЛТАН НҮСІПҚАН, ҚАРМУ СТУДЕНТІ

Білімді жас — ел ертеңі

Бүгінгі таңда Тәуелсіз еліміздің көк байрағын көкке желбіретер жалынды да дарынды, ғылым қуып, білімнің ауыр тасын арқалаған жастарымызға жыл сайын мемлекет тарапынан сан қилы қолдау көрсетіледі. Солардың бірі Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің ғылымда, оқуда және шығармашылық жолдарындағы еңбектеріне орай тағайындалатын Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысы Қорының шәкірталқысы. Шәкірталқы — ғылым, техника және технология бағытына қатысты үкімет тарапынан қаржыландырылып, бір жыл оқу мерзімінің толық он айы бойы беріледі. Бұл республикалық байқау білімді жастарды қолдау мақсатында үшінші рет өткізіліп отыр. Жарысқа жаратылыстану және гуманитарлық ғылыми жұмыстар бойынша студенттердің еңбектері қабылданды. Жыл сайын дәстүрге айналған республикалық байқау екі кезеңнен тұрады. Жарыстың бірінші кезеңінде студенттердің ғылыми жұмыстары ұсынылып, еліміздің жоғары оқу орындарында іріктеуден өтеді. Байқаудың екінші іріктеу кезеңі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қорымен құрылған арнайы комиссиямен жүргізіледі. Бұл жылы осы байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен жүзден астам студенттер бақ

сынасып, ғылыми еңбектері, оқу үлгерімі және қоғамдық өмірдегі табыстарына сай әділ таласта отызға жуығы іріктеліп, Астана, Алматы, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Тараз, Семей, Петропавлдың студенттері Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысы Қоры шәкірталқысын иеленді. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері де осы жеңімпаздар қатарынан табылды. Атап айтсақ, физика-техникалық факультетінен Ануар Жанабайұлы Бейсенбек, тарих факультетінен Қарлығаш Түлкібайқызы Төлеуова, филология факультетінен Ксения Безкоровайна. Жеңімпаздарымыз бүгінгі еңбектерінің жемісін Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткізген студенттік өмірмен тікелей байланысты деп санайды. Өйткені университет тарапынан оқу, ғылым саласында және студенттерге өнегелі тәлім-тәрбие беру мақсатында жастарға қолдау көрсетуге арналған әртүрлі іс-шаралар жасалуда. Ол жұмыстар оқу мен ғылым салаларында олимпиадалар, ғылыми семинарлар, әртүрлі конференция түрінде көрініс тапса, жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру мақсатында рухани-өнегелі, азаматтық-патри-



оттық және құқықтық тәрбие беруге арналған, салауатты өмір салтының денсаулық сақтау ортасын қалыптастыруға, жас дарындарды дамытуға және қолдауға бағытталған іс-шаралар жүргізілуде.
«Әлемнің өміршісі — еңбек, тек еңбекпен ғана жеміс өнеке, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» демекші, аянбай еңбек етіп, білім қуған осы жастарымыз болашақта биік шыңдарды бағындырып, еліміздің гүлдену жолында өздерінің зор үлестерін қосатынына үлкен сенімдемсіз! Болашақта университетімізде ғылымға деген жастардың сұранысы көбейіп, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысы Қоры шәкірталқысын иеленетін жас ғалымдардың саны көбейер деген сенімдемсіз!

Б. НҮСІПБЕКОВ,
ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКаны,
А. БЕЙСЕНБЕК,
ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

«Ұстазым — саф алтын діңгегім»

Қашан да қызығы мен қарбаласы қатар жүрер студенттік өмірдің сәулелі сәттері. №8 оқу нұсқасында көтеріңкі көңіл-күй, құшақ-құшақ гүлдер, жарасымды сән-салтанат құрылған. Әсілі, бір мерекені атаусыз қалдырмайтын ҚарМУ-дың қара шаңырағы — филология факультеті жылдағы дәстүр бойынша Ұстаздар күнін атап өтті. Бұрынғымен салыстырғанда бүгінгі кештің бір жаңашылдығы бар. Іс-шараны ұйымдастыруды мойнына жүктеген журналистика бөлімі көрермен көңілінен шығар кеш сыйлады. Иә, журналистер өздеріне тән шеберлікті танытты. «Student life» деп аталатын

бағдарламаны Гүлім Аятай мен Жанайдар Майкенов басқарса, «тікелей эфирде» көрермен көңіл-күйімен бөлісіп жүрген Мұқағали Сейітқазы сахнамен сәнді сұхбат жүргізді. 2011 жылы өткен «Дарын» фестивалінің «Жас ақыны», айтыскер Мұқағалиды тағы бір қырынан таныдық. Осы кеште көптен бері «Ұлдар емес» командасынан кейін ізін суытқан КТК сахна төрінен қайыра орын алды. Астарында ақиқаты бар әдемі әзілімен «Төртінші билік» командасының алғашқы қадамы сәтті болды деген ойдамын. «Student life» бағдарламасының құрметті қонақтары болған Қойлыбай Асан мен Айтбай Ботпайұлы жай-

лы студенттердің сұхбаты, түсірілген сюжет те көрермен назарынан тыс қалмады. Еңбегі ерен ұстаздарымыз Қойлыбай Асан «Үлгілі ұстаз», Айтбай Ботпайұлы «Сенің қырлы, бір сырлы» номинациясы бойынша марапатталды. Мерекелік кеш барысында қызықты ойындар, сергіту сәттері, көрермен мен сұхбат та араласты. Уақыт неткен жүйрік десенізіші... Екі сағат көлемінде жалғасқан әдемі ән, мың бұралған би, әсерлі әзіл, қызықты ойындар да өз мәресіне жетті. Өлшеусіз еңбек иелеріне қалай құрмет көрсетсек те аз сияқты. Шәкірт тәрбиелеуді бақытына балайтын нағыз ұстаздар аман болсын! Сіздерге тек еңбекте жеміс, биік шыңдарда жеңіс тілейміз!

АҚНҰР ҚАНАТ, ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2 КУРС СТУДЕНТІ

Жазғы еңбек маусымы қорытындыланды

Таяуда академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында «Ауылдың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» жастар марафон-эстафетасының студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жасақтарының жазғы еңбек маусымының жабылу салтанаты болып өтті. Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы, «Қарағанды облысы студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтары» қоғамдық бірлестігі және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының облыстық штабы мұрындық болған шараға облыстың түкпір-түкпірінен келген делегаттар мен студент жастар қатысты. Пленарлық мәжіліс түрінде өткен шараның модераторы Студенттік құрылыс облыстық штабының төрағасы Ербол Сармурын

болды. Алғашқы құттықтау сөзі Қарағанды облысы жастар саясаты жөніндегі басқармасының бастығы Мирас Құттыбайға берілді. Мирас Жанатбекұлы өз сөзінде еңбек маусымының жабылу салтанатымен құттықтап, студенттік құрылыс жасақтарының дамуына сүбелі үлес қосқандарды Білім және ғылым вице-министрі М. Сарыбековтың алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ, пленарлық отырыста студенттік құрылыс және «Жасыл ел» облыстық штабтарының, ҚарМУ және Сәтбаев қалалары штабтарының есебі тыңдалды. Сонымен қатар, «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Нұржан Жетпісбаев құттықтау сөзін сөйлеп, Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы:

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласын тілге тиек етті. Отырыс соңында студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жасақтары арасында өткізілген байқаудың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер, еңбек маусымын ұйымдастыруға ерекше үлес қосқан жұмыс берушілер марапатталды. Пленарлық мәжіліс шағын концерттік бағдарламаға ұласты. Делегаттар үшін арнайы түскі ас әзірленіп, артынан Теміртау қаласындағы ҚР Тұңғыш Президенті атындағы тарихи-мәдени орталығына саяхат жасалды. Мұндай шара жастар арасында қазақстандық патриотизмді дамытуға, еңбекке баулуға, өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты орнатуға септігін тигізеді.

СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ШТАБЫ

Новый государственный праздник — День Первого Президента Казахстана



Сенат Парламента Казахстана принял поправки в Законопроект «О праздниках РК», добавив к уже существующим праздникам День Первого Президента Казахстана, который будут отмечать 1 декабря.

«Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев является основателем нового Независимого государства, обеспечившим его единство, защиту Конституции, прав и свобод человека и гражданина. Достижения Первого Президента вызывают огромное, неподдельное уважение и доверие со стороны народа. В этой связи Сенатом принят данный Законопроект и признаны выдающиеся заслуги Первого Президента перед Республикой. Принятие Законопроекта предполагает положительный эффект для патриотического настроения граждан

нашего государства», — сказано в заключении Сената по Законопроекту.

«1 декабря 1991 года наша страна в результате всенародных выборов выбрала своего Первого Президента, и с этого началась история Независимости, поэтому сегодня мы утвердили 1 декабря как Государственный праздник День Первого Президента», — отметил после принятия Законопроекта спикер Сената Кайрат Мами. По его словам, таким решением они не только возвышают великую личность, но и дают соответствующую оценку статусу института президентства. «Мы считаем, что Президент правильно воспримет наше решение, и наши соотечественники также правильно его воспримут», — добавил Мами.

Напомним: Закон «О внесении дополнения в Закон Республики Казахстан «О праздниках

в Республике Казахстан», который предусматривает установление нового Государственного праздника — Дня Первого Президента Республики Казахстан, который будет отмечаться 1 декабря, Нурсултан Назарбаев подписал 14 декабря 2011 года.

Новый праздник станет общегосударственным. Уже сейчас на 1 декабря готовится разнообразная программа в столице и регионах, в которую включены спортивные и культурно-массовые мероприятия, конкурсы исполнительского мастерства, премьеры спектаклей и многое-многое другое. В нашем университете также пройдет ряд мероприятий, посвященных новому Государственному празднику. Самым первым и массовым мероприятием станет проведение Форума студентов КарГУ им. Е. А. Букетова под слоганом «Мы — будущее Казахстана!», который состоится во Дворце студентов 16 ноября. Круглый стол на тему «Президент Республики Казахстан как гарант государственного единства» пройдет 22 ноября с участием лидеров молодежных организаций города и области. На Международной научно-практической конференции «Перспективы развития современного законодательства в Республике Казахстан», организованной юридическим факультетом, также будут рассматриваться вопросы, связанные с развитием Независимости РК. Конференция состоится 26 и 27 ноября. В эти же дни Республиканскую научно-практическую Конференцию «Актуальные проблемы физической культуры и спорта» проведет факультет физкультуры и спорта, на ней обсудят вопросы формирования здорового образа жизни молодежи. Специальное мероприятие на 30 ноября — Дни науки и Дни информации — подготовила Научная библиотека КарГУ. А уже 1 декабря преподаватели и студенты нашего университета примут участие в городских мероприятиях по празднованию Дня Первого Президента РК Н. А. Назарбаева.

Информация предоставлена
Комитетом по делам молодежи

Уважать символы своей страны

В этом году олимпиада на знание основ Конституции и государственных символов прошла по двум направлениям: выявляли лучшие команды области среди вузов и лучшие факультетские команды нашего университета.

Олимпиада проводилась Карагандинским государственным университетом ежегодно с целью пропаганды и популяризации в студенческой среде символов государства — Герба, Флага и Гимна Республики Казахстан, повышения правовой грамотности молодежи, формирования у студентов чувства патриотизма и активной гражданской позиции. Также она позволяет создать условия для интеллектуального и творческого развития молодежи.

В олимпиаде приняли участие восемь команд из разных вузов Караганды: КГМУ, КарГТУ, Карагандинской академии МВД, КЭУ, КУ «Болашак», ЦКА «Фемида», КарГУ, а также из Карагандинского государственного промышленного университета (г. Темиртау). В межфакультетской олимпиаде соревновались 10 команд.

Олимпиада проходила в три тура. Первый тур — написание «эстафетного» эссе, когда все три участника команды принимают участие в конкурсе. На втором этапе студенты должны были пройти тестирование на знание основ Конституции. В командный зачет включались результаты тестирования всех участников команды. И на третьем этапе конкурсантам было предложено сделать презентацию на заданную тему в форме таблиц, схем, цифр и рисунков, а затем провести публичную защиту своей презентации.

По итогам областной олимпиады специальными призами были награждены команды

Карагандинского медицинского университета (за лучшее эссе), Карагандинского экономического университета (за лучшую презентацию), а капитан команды КЭУ стал лучшим в своей номинации. А призовые места распределились следующим образом: на третью ступень пьедестала возшла команда «Барыс» (Центрально-Казахстанской академии «Фемида»), второе место заняла команда «Де-юре» (КЭУ), первыми стали студенты КарГУ из команды «Патриоты». Наши студенты показали самый высокий результат в тестировании, получили высокие оценки за эссе и презентацию. В общекомандном зачете они набрали наибольшее количество баллов.



В межфакультетской олимпиаде победительницей стала команда «Адилет» (юридический факультет), второе и третье места достались соответственно командам Politia (факультет философии и психологии) и «2030» (химический факультет). Лучшим капитаном стал капитан команды «Сары-Арка» (исторический факультет), а приз за лучшее эссе был вручен команде «Алаш» (филологический факультет).

Всем участникам олимпиады были вручены ценные призы и дипломы. А сочинение о государственных символах, которое написала команда-победительница, вы можете прочитать в нашем номере на стр. 16.

Информация предоставлена
Комитетом по делам молодежи

Student news

Лучшие спикеры

Караганды — студенты КарГУ

В городском дебатном турнире на кубок акима города Караганды с успехом выступили команды КарГУ. Турнир проходил в КарГТУ с 20 по 21 октября.

Организаторами дебатного турнира стали ОО «Ассоциация студенческих организаций КарГТУ «Жас орда» и ГУ «Отдел внутренней политики города Караганды». Целями данного мероприятия являются воспитание у молодежи гражданской активности, повышение социальной и творческой активности студентов, развитие студенческого дебатного движения в области.

Дебаты — четко структурированный и специально организованный публичный обмен мыслями между двумя сторонами по актуальным темам. Это разновидность публичной дискуссии, направленная на убеждение в своей правоте третьей стороны, а не друг друга. Поэтому вербальные и невербальные средства, которые используются участниками дебатов, имеют целью получение определенного результата — сформировать у слушателей положительное впечатление от собственной позиции.

Участниками городского турнира стали команды, представляющие университеты и колледжи Караганды. Наш университет на этом турнире завоевал высокие награды. Лучшими спикерами турнира стали Шарипова Нурида и Едилбаев Ербол. Первое место заняла команда «Принцип Та-лиона», в состав которой вошли Шарипова Нурида, Кубаева Айганым, а команда Sydney получила третье место (Едилбаев Ербол, Асылбекова Сабина). Мы поздравляем наших дебатеров и желаем им новых успехов и побед!

Информация предоставлена
Комитетом по делам молодежи

Мамандық таңдай білейік!

Адамзат баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап айналадағы тіршілік пен анасының ақ сүтімен тығыз байланыста нығаяды, пісіп-жетіледі. Өмірде адам баласы үшін қиындыққа толы кезеңдер де жетерлік. Бала ата-ананың аялы алақанында өсіп, ештеңеге алаңдамай жүре беретіні бар. Тағдыр өзінің бұралаң соқпақтарына салған сәтте адам баласы өмірден өлшеусіз сабақ алатыны мәлім.

Өмірдің бұралаң жолдары мен жағдайдың сан алуандығы кейде адамды өз болашағынан, келешекте таңдайтын мамандығынан біржола қол үздіріп жатады. Мұндай жағдайда кінәлі адам ба, тағдыр ма?.. Көбінесе, адам баласы өзіне лайықты мамандықтан бас тартып, келешегіне балта шапқанын да аңғармай қалады. Бұл да болса өмірдегі ең маңызды әрі қайта айналып соқпайтын мүмкіндік. Сол себепті мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдап, ағаттық танытпаған абзал. Болашақ өмірдегі жейтін наннан бас тартумен сайма-сай келетін құбылыс осы болып табылмақ. Қолда барда алтынның қадірін білген де жөн шығар...

Кейбір жандар өз мамандығын бала кезіндегі балдай тәтті қиялымен ұштастырып тауып жатады. Болашақта кім болатынын да өз бетінше пайымдап қояды. Әрине, олай ете білу де — өнер. Армандар толы болашаққа нық сеніммен аяқ басу, бұлжымас іс жасау адам бойындағы құнды қасиет десек қателеспеспіз.

Айтолқын РАХЫМ,
журналистика бөлімінің 1 курс студенті

«Sife»-қа сәттілік!

Болашақ бизнесмендерге арналған студенттік ұйым «Sife» әлемдік «SIFE» кубогы сарапқа салынатын жарысқа қатысу үшін Вашингтонға аттанды. Бұл студенттеріміз Қазақстан мерейін үстем ету барысында жоба қорғап, өз еңбектерін әлемге әйгілеу мақсатында шет елге кеткен болатын.

Сайыстың қатысушыларының бірі Назерке Уахитова Қазақстан намысын 139 мемлекет арасында қорғап, еліміздің білімділігін дәлелдеу мақсатында шет елге аттанғанына өте қуанышты. Біз олардың халық үмітін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай ақтайтындығына куә болармыз! Тәуелсіз елдің еңселі жастарына тілектестік білдіріп, биік тұғырдан көрінетіндеріне сенеміз!

Тоғжан НАБИҒАППАРОВА,
журналистика бөлімінің 1 курс студенті

Жатақхана — алтын бесік

Әй, студенттік өмір-ай!.. Білім алып, біліп алып биікке самғасам, қайратымнан танбасам деп тұратын жалынды жастарымыздың басым бөлігі әр тараптағы білім ордаларында оқып жатқаны айтпасақ та белгілі. Соңдағы ауылынан, ата-анасынан алыстау шетте білім алып жатқан бауыр еті балаларының бүгінгі хал-жағдайлары қандай екен? Міне, міне, жатақхана біздің екінші ыстық жанұямыз екені содан-ақ белгілі. Өз басым ҚарМУ-дай қара шаңырағымыздың түлегі болып жатақханасында тұрғанымды мақтан тұтам. Осы 4 жылдың жүзінде жатақханада жүдеу өткен сәттеріме қарағанда, қуаныш, шаттықтан жөңгіліп, тасып жүрген сәттерім әлдеқайда басым екен. Жатақхана — жанашырлыққа, жаңашылдыққа жетеледі. Жаныңда болса бересің, жоқ болса аласың. Жұмыла көтеріліп жұмыс жасайсың. Білгеніңді айтасың. Білмегеніңді қайтесің? Жаныңдағы өзіндей жастардан сұрап аласың. Жабыла жақын сырласасың. Жатақхана — сағынышқа толы. Алыстағы ауылдыңды, ата-анаңды, туысқан, достарыңды сағынасың. Бұл тұнық, мөлдір сағыныштар ғой. Кейде қалтамыз таяздап, стипендияны сарыла күтіп, сағынып та қалушы едік-ау! Жатақхана — сабырлыққа шақырады. Бар мен жоқтың ара-жігі айқын көрініп жататын, қанағатшылдықпен қарынды қампайтып жүре беруге дағдыланасың. Көп жеп тояттамаған соң тәкаппарлық пен кердеңдеп кекіруден құтылатыңсың. Жатақхана — алтын бесік. Мұнда өлеңші, жыршы, шешендер бар, мұнда он саусағынан өнер тамған шеберлер бар. Мұнда спортшы да, физик те, химик те, ертеңгі күні әр саланың құлағын ұстайтын маман иелері бар. Тек ерігіп зерігушілер ғана жоқ, бәлкім ондайлар да бар шығар. Бірақ өзім кезіктірмедім. Мен айтар едім, нағыз студент, нағыз студенттік өмір ол — жатақхана.

Жатақхана мәселесі оң шешімін таппаған жоғары оқу орындары үшін алаңсыз білім алудың

толыққанды шарт жағдайы жасалмаған деп есептейміз. Мәселен, Алматы, Астана қалаларындағы бетке ұстар, беделді жоғары оқу орындарының өзінде жатақхана мәселесі білім қуып шалғайдан келген талай жастың жанына бағып жүр. Жатақхана жетіспейді. Бірінші және екінші курстықтарға жатақханадан жылы орын бұйыруы мүмкін, ал үшінші, төртінші курс кезінде жатақхана маңына барудың өзі мұңға айналып кетеді. Жалпысы, жатаққа деген зәрушілік басым. Көбі ауылдан, алыстан келген балалар ғой. Ата-анасы жалғыз сиырын сатып, жанын жалдап, күнін күндеп тапқан азғантай ақшасын баласынан аяған жері жоқ шығар. Оқу қаражаты деп бір төлесе, жатақханаға жайғаса алмаған ұл көп қызын үй майлап тұрғыза беруге қалтасы көтере береді деп ойлайсыз ба? Әй, әй, баяғыда біреу «ол тықыр мен бұл тықыр ұқсамайды» депті ғой. Иә, ол Алматы, Астана, өзге де облыстардағы оқлықтар шығар. Ал біздегі Қарағандыдағы бүгінгі хал қалай? Жә, шүкір, тәуба, қанағат делік. ҚарМУ-дай қара шаңырақтың алты жатақханасы бейне алты ақ отау сияқты. Әйтеуір, осында жүзім жылып, жанарымда жылылық тұрмыстық құрылғы мүліктер де жылдан-жылға жаңаланып, толықтанып келеді. Жуықта ғана күрделі жөндеуден өткен № 3 жатақханамыздың бір өзіне 480-дей студент орналаса алады екен. Оқу залдары, кітапхана, тамақ істейтін бөлмелер, терезе-есік, лифтытер, өзге де жаңа жабдықтармен қамтамасыз күйге келтірілген. Міне, бұл мақтанш, міне, бұл ерекше қамқорлық! Атам қа-



зақ» жыламай балаға емшек жоқ» демеуші ме еді, ананың ақ сүтін еміп алып, уанып, томпиып жата қалатын баланың ендігі шаруасы өз қолында тұрған жоқ па?

Әй, студенттер, әмәнда әр азамат уақыттан, тиімді ортадан толықтай қарманып қалғаны жөн шығар. Һәм патриотшыла, ұлтжанды, еліме, жеріме үлес қосамын деген ізгі ниеттегі ізденімпаз, намысы тулаған өршіл ұландар, ең әуелі, осындай құт шаңырағында өзінің болашақ мамандығының ірге тасын мықтап қалағаны абзал-ау. ҚарМУ құшағындағы қазіргі бейнеміз — арнасы кең, ағысы қатты бір тентек өзендей буырқанып ағып барамыз. Индустриалдық-инновациялық жолдағы әлем халықтарына бағыт түзеп жылдан-жылға кемелденіп келеміз. Сорпа бетіне шығатын интеллектуалды топ өкілдері де молая түсті. Бұл салтанатты көштің жез бұйдасы өз қолдарында. Бастысы, береке-бірлік, бәсеке, байланыстар қарқындымызды үдетіп, қадамымызды жиілете түсері хақ!

Құдырсултан НУСИПҚАН,
кәсіби-көркем өнер факультетінің 4 курс студенті



Мен ҚарМУ-ға келген күннен бастап көптеген кездесулерде болдым. Әрине, бұл мен үшін үлкен қуаныш. Атап айтатын болсам, Білім күні Лондон олимпиадасында чемпион атанған, бүкіл әлемге танымал болған ҚарМУ түлегі Серік Сапиевті қошеметпен қарсы алдық. Серік жерлесіміздің білім нәрімен сусындаған киелі шаңыраққа арнайы ат басын бұрып, тәлім берген ұстаздарына шәкірттік алғыс білдіріп, профессорлық-оқытушылар құрамын, студенттер-

Арман орындалады

ді Білім күнімен құттықтауы көңілге қуаныш ұялатты. Бұл — «су ішкен құдығын» ардақ тұтқан абзал азаматтың бір көрегендігі.

Қыркүйектің орта тұсына таман әлемге танымал ақын, қоғам қайраткері, аты аңызға айналған Олжас Сүлейменовпен кездесу бақыты бұйырды. Негізінде мен бұл кісіні көруді армандайтынмын. Арманымың орындалуына себепші болған Қарағанды мемлекеттік университетіне алғысым шексіз. Олжас Сүлейменов шынында да ерекше жан екен. Көкірегі жырға, көз жанары ойға толы Олжас ақын сахнада сөз сөйлегенде Студенттер сарайы сілтідей тынып, көрермен назарын ақыннан бір аудармады. Жүректен шыққан отты сөздер жүрекке жетті.

Тағы бір арманым, ең басты армандарымның бірі әрі бірегейі десем де болады, ол — журналист болудың. Бала жүректің қалауы жүр-

налистика деп соғып еді. Сол асқақ арманым бүгінде орындалып отыр. Биыл журналистика мамандығына оқуға түскен 47 замандасым да дәл мендей армандады ма екен?! Журналистиканы, ҚарМУ-ды таңдағаным еш өкінбеймін. Қасиетті қара шаңырақ заманауи білімнің ошағына айналған. Оқытушылар да өз ісінің білгірі. Әрине, сабақ қиын, бірақ өте қызықты. Міне, студенттік өмірдің алғашқы парақтарын осылай аштым.

Сымбат ДАНИЯРҚЫЗЫ,
журналистика бөлімінің 1 курс студенті



Мұң

Біздің таныстығымызға бүгін 5 жыл. Қым-қуыт тіршілікке бас қойған қалада бір ауамен тыныстап, бір маршрутта автобуспен қатынаймыз. Таныс болсақ та ол маған, мен оған бөтен адам секілді. Жауапсыз махаббат пен соқыр сезімнің кері бізді көзді соқырлыққа әкелгендей...

Сол пендені кездестіргеніме бір жыл, бір күн толған шақта біздің корпустан көзім шалған. Сырттай жиіркенсе, іштей елжірей сүйсіне қарап тұрмын. Тұла бойымды зілдей мұң басып, үстімнен суық су құйылып қалтырап тұрдым да қалдым. Жанарымда мұң аралас жас оралып, тамшы болып үзілер шақта өкініш пен өкпеге толы шерлі жүрек ыстық жасқа бой алдырмады. Маздаған мұңды махаббаттың лебін сезіп, іштей ызаға толы улы тәтті умен тарқатып үйренген еді бұл жүрек. Таныс бейне. Бір адымнан соң бір үзік сөз сол тараптан...

— Ая... С-с-ен-бісің?
— Сәлем, дәл өзі! Өзіңде? Бәрі бұрынғыша тамаша болар?
— Ж-ж — ақсы — мын ғой! Н-не ғой?

— М. м! Қуаныштымын! Сау бол!
Үш адым қалғанда ол мені байқап қалды. Сөйлегенде әдемі кескініне жалыншыты рең енді. Алып-ұшып тұратын ботадай отты көздерінен мұң көремін. Шамасы бұл жігіт «бұл жолғы сезімім бұрынғыдан өзгерек» деген лебізбен мені іздеп келген. Жүрек дүрсілін алаңдатқан менің сыршыл сезімім алдамайды. Сенімдімін. Ол қайтып оралған екен ғой. Іштей сүйіп тұрсаңда жасанды жиіркеніштік танытып сайқал күлкімен жымидым. Тәкаппарлықтың клеткалары бойымды билеп кеткенім қарашы?! Бір минут кідірместен өтіп кеткенім не? Мәңгі сияқты сезілді.

Ертеңгі күні үлкен үзілісте сол пендені тағы кезіктірдім. Өте беріп едім:
— Қалың қалай? Осы корпуста оқиды екенсің ғой?
— Ааа, Тағы сен бе? Жақсымын.
— Отыр, сөйлесейік?
— Бір жыл бойы өзіңнен хабарсызбын, сұраспырмаған адамым қалмады.
— Құстардың тілін ұғам деуші едің, хат жолдамадың ба?
— Тіліңмен тістелемеші. Өзіңе деген сезімімді менен артық білесің ғой...
— Сені тапқаным қуандым. Аман-есен екеніңе көзім жетті. Аллаға мың да бір шүкір.

— Енді...
— Енді не? Көлгірсен түріңе мастанып, жасанды образыңа лайық құрмет көрсетуім керек шығар. Әлде, жауапсыз махаббатыңа күде қарап, өзіңді құшағым алғанымды қалайсың ба?
— Жо-о — оқ! Түсініш мені, айтқым келгені...
— Өзіңді күтумен жыл өтті. Сезімімді сезе тұра, жоғалып кеттің.
— Кешірші мені... Мен қайтып оралдым.
— Сезгенмін.
— Келші құшағым алайын, сағындым...
— Мен де...
— Жүрегіңнің дүрсілі тез...
— Неге суықсың? Қалтырап тұрсың ғой?
— Үндемеші... Өтінемін...

Ыстық құшағына алып тұрып байқатпастан мөлтілдеп жылап тұрды. Ботадай көздерінен мұң көргенім бекер емес-тін. Балалық шақтың ғажайып естелігіндей пәктік пен кіршіксіз сезімге ұласқан махаббатты сыйлаушы жігіттің көз жасы... Жылы алақанымен қаусыра құшақтаған соңғы ыстық құшақ... Ертең ол өміріне із қалдыру үшін үлкен қадам жасайды, жаңа бет ашады. Отау құрмақ. Тойына шақыра келген-тін...

Аялым СОВЕТ

«Стипендия «Казкома» за успехи в учебе

Студентам КарГУ им. Е. А. Букетова были вручены именные гранты от корпоративного благотворительного фонда «Казкоммерцбанка» «Құс Жолы».

Обладателями грантов стали студенты филологического и социально-педагогического факультета, факультетов иностранных языков, философии и психологии: Туржан Нурила, Сагадатова Айгерим, Кульмагамбетова Айгерим, Турбаева Айгерим, Балташ Саня. Проект «Стипендия «Казкома» поддерживает талантливых студентов, которые, проучившись 2–3 года в вузе, в силу различных обстоятельств оказались в затруднительном материальном положении и вынуждены подрабатывать, отвлекаясь от учебы, либо вообще прервать ее, чтобы прокормить себя и свои семьи. Суть проекта заключается в предоставлении таким студентам стипендий в виде грантов. Кандидатов на соискание стипендии определяет грантовая комиссия, в состав которой входят представители ректората, деканата, ученого, студенческого советов, а также профессорско-преподавательский состав.

«Поздравляем стипендиатов с получением гранта, желаем успехов в учебе и хороших результатов на сессии», — отметил управляющий директор «Казкоммерцбанка» и президент благотворительного фонда «Құс Жолы» Магжан Ауэзов.

Сумма годовой стипендии для одного студента составляет 180 000 тенге. Важно, что «Стипендия «Казкома» охватывает вузы по всему Казахстану. В этом учебном году участниками проекта стали 19 учебных заведений всего Казахстана (16 городов). Обладателями стипендии «Казкома» стало около 50 человек из малообеспеченных, многодетных семей, проживающих в отдаленных селах. Среди получателей стипендии также немало сирот. Вопреки всему эти ребята тянутся к знаниям и стремятся получить достойное высшее образование.



Победители проекта «Стипендия «Казкома» будут получать стипендию на свои личные счета по результатам летней и зимней сессий в течение 2012–2013 учебного года.

В данном образовательном проекте, который стартовал еще в 2007 году, фонд «Құс Жолы» при отборе специальностей сознательно сделал акцент на поддержке дефицитных технических, медицинских и гуманитарно-социальных специальностей. В число стипендиатов «Казкома» не входят обладатели государственных образовательных грантов и студенты, которым помогают другие компании-спонсоры. В проекте принимают участие всего 19 высших учебных заведений Казахстана, в том числе только два вуза Карагандинской области: Карагандинский государственный университет им. Е. А. Букетова и Карагандинский государственный ин-

дустриальный университет (г. Темиртау). Выбор вузов не случаен: их статус должен удовлетворять требованиям стипендиального фонда. Поэтому КарГУ, который ежегодно выпускает более трех тысяч высококвалифицированных специалистов различного профиля, стал достойным участником программы. Университет известен высоким уровнем подготовки специалистов и поэтому имеет высокий рейтинг среди абитуриентов, родителей, работодателей. За эту работу КарГУ был удостоен диплома «За подготовку квалифицированных кадров» Министерства образования и науки на VIII Казахской международной выставке «Образование и наука XXI века», состоявшейся в Астане в феврале 2011 года. Высокое качество образования в КарГУ является гарантией постоянного спроса на его выпускников на рынке труда.

Для справки

Благотворительный фонд «Құс Жолы» основан в 2004 году топ-менеджерами «Казкоммерцбанка» в целях реализации корпоративной социальной ответственности. Бюджет фонда формируется из отчислений от чистой прибыли, а также добровольных пожертвований сотрудников, партнеров и клиентов банка. Фонд имеет свою четкую стратегию благотворительности и принципы ее реализации. Реализует проекты по всей республике через филиалы «Казкоммерцбанка». Кроме стипендиальных программ для тех, кто верит в себя и свои творческие способности, существует программа проездных грантов. Программа предоставляет равные возможности реализации творческого потенциала и профессионального роста одаренной молодежи, юным талантам, юношеским творческим коллективам и детям-сиротам по всему Казахстану. Это уникальная возможность проявить себя и поднять свой профессионально-творческий уровень. Суть программы в том, что ежегодно на конкурсной основе выделяются гранты для участия в творческих конкурсах как в Республике Казахстан, так и за ее пределами. Грант предоставляется в виде оплаченных билетов в оба конца. Заявки на участие принимаются в течение года и рассматриваются поквартально.

АО «Казкоммерцбанк» является одним из крупнейших банков в Казахстане и Центральной Азии. Активы банка на 30 июня 2012 года составили 2539,3 млрд тенге. Банк имеет дочерние компании, осуществляющие деятельность в сфере пенсионного обеспечения, управления пенсионными и финансовыми активами, страхования и брокерских услуг. Также банк имеет дочерние банки в Российской Федерации, в Республике Таджикистан и Кыргызской Республике.

ИНФОРМАЦИЯ ПРЕДОСТАВЛЕНА ПРЕСС-ЦЕНТРОМ КАРГУ
ИМ. АКАДЕМИКА Е. А. БУКЕТОВА

Какие ошибки допускают выпускники вуза при поиске работы

Представьте, что то, о чем вы так долго мечтали, как о светлом будущем, свершилось! Вы окончили вуз и вступили на путь поиска подходящей работы и начала строительства профессиональной карьеры. В предлагаемой статье мы попробуем разобраться в объективных и субъективных причинах возникновения сложностей на пути трудоустройства.

Объективные причины

На наш взгляд, есть две объективные причины.

Первая причина — общее усиление конкуренции среди выпускников. Если несколько лет назад диплом престижного вуза практически гарантировал трудоустройство по профилю, то сейчас этого уже недостаточно. Новые возможности обучения за рубежом, прохождение образовательных курсов и стажировок во время каникул дали работодателям новые возможности выбора. Уже мало просто быть выпускником, необходимо иметь готовые определенные навыки для скорейшей адаптации на рабочем месте. Мы уже не говорим о том, что выпускник должен иметь реальные знания, соответствующие диплому. Вывод: необходимо действительно хорошо учиться и предъявлять к себе повышенные требования. Поверьте, любой работодатель различит подготовленного и неподготовленного выпускника. Не ограничивайтесь базовыми знаниями, проходите углубленные курсы, тренинги по своему профилю. Это значительно повысит вашу «начальную профессиональную стоимость» и вероятность удачного старта значительно возрастет.

Вторая объективная причина — мировой финансовый кризис. Да, сейчас всем в мире нелегко. Но, согласитесь, жизнь продолжается! Кризисные явления всего лишь ужесточили конкуренцию и требования к соискателям, но не изменили общих правил карьерного строительства. Вывод: повышайте свою «профессиональную стоимость» уже на старте. Если все вокруг «обрастают» сертификатами и дополнительными дипломами (реально подтвержденными знаниями), почему бы вам не делать то же? Отдохнуть успеете. Не забывайте, что, если в советские времена карьеру «делали» десятилетиями, то сейчас свое будущее можно определить уже в 23–25 лет. Согласитесь, это стоит того, чтобы приложить реальные усилия и поработать над собой.

Субъективные причины

Первая субъективная причина — неправильное позиционирование себя выпускниками вузов. Любой успех — это результат труда, и невозможно стать генеральным директором сразу со студенческой скамьи. В то же время анализ резюме выпускников вузов показывает, что большинство указывают желаемые позиции, имеющие отношение к топовым должностям, — генеральный директор, управляющий, директор департамента и т. д. Поверьте, это только вредит вашим шансам, т. к. ничего, кроме отторжения, у потенциального работодателя не вызывает. Вывод: будьте реалистичны. Вместо того чтобы «пугать» работодателя своими амбициями, выберите подходящие для вас позиции, но укажите в резюме свои сильные стороны. Подкрепите их примерами, портфолио, рекомен-

дациями, дополнительными сертификатами, если есть. Можете не сомневаться: есть очень много вакансий, на которую работодатель готов приглашать выпускника вуза, т. к. ценит в выпускниках энергичность, свежесть мышления, а также готовность на начальном этапе не самую высокую зарплату. Если сможете правильно позиционировать себя в глазах работодателя, шансы очень высоки!

Вторая причина. Многие даже самые талантливые выпускники забывают, что после окончания вуза студенческая жизнь со всеми ее прелестями, к сожалению, закончилась. Когда-то можно было опоздать на занятия и оставаться при этом героем. Когда-то юношеский максимализм не вызывал никаких других чувств, кроме восхищения.

Вывод: встав на тропу «карьеризма» (в хорошем смысле), весь свой юношеский потенциал необходимо направлять на жизнь и работу более трезво. В корпоративных вопросах нужна определенная «перезагрузка» мышления. Работодатель — это не ваш добрый учитель, который может простить многое. Один раз опоздали на собеседование — потеряли шанс. Выбрали чрезмерно самоуверенный тон при собеседовании — потеряли второй шанс. Не теряйте своих возможностей, переходите во взрослую жизнь с ее новыми правилами игры своевременно. Тогда и карьеру строить сможете с самого начала и без досадных ошибок.

Третья причина. К сожалению, многие выпускники полагают, что карьера — это вертикаль. Такое тоже, конечно, случается, но очень редко. Карьерный путь — это марфон длиною в жизнь. И он точно не зави-



сит от того, какие должности вы заняли в первые годы своего пути и с какой зарплатой. Намного важнее, с какими людьми вас сведет судьба в начале пути, какую поддержку эти люди смогут вам оказать в дальнейшем. Вывод: двигаясь по вертикали, не забывайте и о горизонтали. Именно горизонтальное движение (расширение знаний, круга знакомств, уважение окружающих) создает прочный фундамент, который выручит в любой ситуации, не даст карьере заглохнуть в случае каких-либо непредвиденных ситуаций. Но самое главное — даст вам чувство комфорта, т. к. никакая карьера не будет в радость без радости общения с коллегами, друзьями и просто хорошими людьми.

МАТЕРИАЛ ПОДГОТОВЛЕН ЦЕНТРОМ КАРЬЕРЫ И ТРУДОУСТРОЙСТВА

Айтайын дегенім...

«Өзге тілдің бәрін біл,
өз тіліңді құрметте!»

Ата Заңымыздың 7-ші бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Конституциямызбен жоғарыда аталған тиісті заңнамалардағы тайға таңба басқан қандай жазылған «мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа тілдер де қолданылады» деген баптар шын мәнінде қазақ тілінің өрісін тарылтып, оның кең қанат жаюына кедергі келтіріп тұрғаны анық. Соның салдарынан қазіргі кезде жастарымыздың көбісі өз ана тілінде сөйлемей, өзге ұлттың тілінде сөйлеуі. «Ана тілін мейлінше сөйлеуі адам өз халқының өткенін ұмытып, болашағына балта шабады» деген қанатты сөз бар. Осыны біле тұра анамыздың ақсүтімен дарыған ана тіліміздің мәртебесін көтеруге не себепті самарқауымыз?.. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» және «Әрбір қазақтың ана тілін білуі — парыз, білмегені — ұят» деген сөздерін жалаң ұран ретінде пайдаланбай, оларды іс жүзінде жүзеге асыру борышымыз ғана емес, міндетіміз екенін бір сәтке де ұмытуға тиісті емеспіз. Мен өз елімнің патриоты ретінде ең бірінші кезекте мемлекетті құрушы ұлт өкілдері — қазақтардың өзі бастап мемлекеттік тілдің абыройын асқақтатуға ат салысуы керек деп есептеймін. Қадыр Мырза Әлі ағамыздың «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген қанаты қағидасы жүрегіміздің төрінен орын алып, жолбасшымыз болуға тиіс.

Әлия ИСИНОВА, ҚарМУ студенті

«Еңбексіз өмір — сөнген көмір»

Жуырда Қарағанды қаласының политехникалық колледжінде жұмысшы жастар бас қосты. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы мен «Әлеуметтік жаңғырту: Жалпы Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақала-

сын насихаттау, жұмысшы жастар арасындағы өзекті мәселелерді анықтау, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірінде жұмысшы жастардың белсенділігін арттыру, жастар саясатын жүзеге асыру жөнінде жұмысшы жастарды бірлескен қызметке шақыру, жастар бойында патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасына

құрметпен қарау мақсатында өткен форум жұмысы жемісті өтті. Форумды ұйымдастыруға «Аманат» азаматтық бастамаларды қолдау қоғамдық қоры, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖК, «Жұмысшы жастар одағы» РКБ мұрындық болды. «Жұмысшы жастар одағы» РКБ мен «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты жұмысшы жастарды белсенділік танытуға, Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасына құрметпен қарай отырып, бірлесіп қызмет етуге шақырды.

«Жас Отан» Жастар қанаты

Біз өмір сүріп отырған қоғам

«Аңқау елге арамза молда» дегендей, осы күнгі діни секталық немесе адамдарды алдап-арбап, ақша жиып алып, қарасын батыратын жалған (мысалы, қаржы пирамидасы) неше түрлі ұйымдардың көбейіп кеткендігі ащы да болса ақиқат. Осындай шымбайыңа бататын шындықты естігенде, адамдарға сенбек түгілі, ақыл-кеңес сұрауға түңіліп қалатын кездер де болады. Осы орайда, мен адамдардың қоғамға әсер ететін адами тұрғысынан қарап көргім келіп отыр. Мысалы, біз өзіміздің күнде көріп жүрген, танытын, білетін адамдарды, қоршаған ортаны қоғам деп алатын болсақ, сол ортада болып жатқан өзгерістер, адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы, олардың жақсылық-жамандық іс-әрекеттері, жалпы жасап отырған дүниелері сол қоршаған ортаға, қоғамға өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Ал, енді, біз қандай қоғамда өмір сүріп отырмыз?.. Осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Қоғам дегенде бәріміз қоршаған ортаны, айналымыздағы адамдарды көз алдымызға келтіреміз. Қоғам — материалдық дүниенің бір бөлшегі ретінде адамдарды табиғатпен өзара байланыстыратын бірігу формасы. Қоғам дегенде тағы бір ойға оралатыны, белгілі бір ұйым, қауымдастық. Сонымен қатар, қоғамдақ қатынастар деп тек адам мен адам арасындағы немесе адам мен табиғат арасындағы ғана емес, қоғам мен қоғам арасындағы қатынастарды

да атап көрсеткеніміз дұрыс. Жалпы, қоғамды адам құрайтындықтан, қоғамда рухани, адамгершілік, діни және басқа да адами құндылықтар кеңінен қарастырылады.

Жоғарыда атап көрсеткендей, рухани, адамгершілік, діни ұғымдар мен адами құндылықтар бүгінгі біздің қоғамда қаншалықты маңыздылығын көрсетуде?..

Ең алдымен, біз ата-бабамыздың қаны мен тері бірдей төгілген, қаншама жан аңсап өткен тәуелсіз, бейбіт заманда өмір сүріп отырғанымызды ұмытпағанымыз жөн. Қазіргі таңда көптеген жастардың санасын өзіншілдік пен төкашарлық жаулап алған десек артық айтқандық емес. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген сөздің мағынасын түсінетін жастар шамалы. Жастардың үлкендерді сыйлаудан қалып бара жатқандығын күнделікті қоғамдық көліктерге мінгенде кездестіріп жатамыз. Бүгінгі таңда жастар арасында белең алып бара жатқан ең қауіпті індеттердің бірі — «әлімжеттік» болып отыр. Және көмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің көшеде сыра ішіп сенделіп, түнгі клубтарды жағалап, биді тәмамдамай үйге қайтпайтындарын көргенде көңіліңді алаң торлайды. Осы бір тұста арқанды мұздай қарып өтетін тағы бір жайт — тіл мәселесі. Қазақ тілі дамусыз бір қалыпта тұр десек жалған айтқан болар едік. Ал енді тіпті дамып бара жатыр деп те айта алмаймыз. Елімізде тұрып

жатқан өзге ұлт өкілдері «мемлекеттік тіл» деп қастерлеп, үйреніп жүрген шақта, қалың ұйқыда жүрген кейбір қандастарымыз қазақша сөйлесу түгілі, сәлемдесуді зорға білетін болып шықты. Біз өмір сүріп отырған қоғамда тағы бір көңіл көншітпейтін дүние, жетімдер үйі мен қарттар үйінің күн санап өсіп келе жатқандығы. Енді кез келген саналы адамның ойында «осы дәрежеге қалай жеттік?! Не себепті?!» деген салмақты сауалдардың туындауы заңдылық. Мұндай оқиғалар не себепті орын алып отыр?! Жақсы мен жаманы қатар жүретін бұл өмірде тек жақсылық немесе тек жамандық қана үстемдік ете алмайды. Қалай десек те, еліміздің еңсесін көтеріп, беделімізді биіктетіп, туымызды көкте желбіретіп, қазақтың атағын асқақтатып жүрген Серік Сәлиев, Илья Ильин, Майя Манеза сияқты патриот жастарымыз жоқ емес. Дегенмен де, осы қоғамды құрып отырған өзекті болғандықтан, біздің әрбір жасаған іс-әрекетіміз тікелей қоғамға әсер етеді. Не десек те, ертеңгі болашақтың туы дәл осы жастардың, яғни сіз бен біздің қолымызға тиетіні айдан анық дүние. Сондықтан, таяқтың екі ұшы болатынын ұмытпағанымыз жөн. Міне, сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамның ақ-қара тұстарын таразылап көрдік. Десек те, таразыны тең басып ұстайтын оқырман, ендігі қоғамның қандай болары сіздердің еншілеріңізде...

Ақмарал ДЕМЕУ,
ҚҰЖ-12 тобының студенті

Телмірткен түрлі телесериалдар

Жанардың оқуы күндегінен ерте аяқталды. Бүгіндікке осы да жетер дегендей оған өзі дән риза. Енгінін баса алмай үйге жүгіре кіріп, телевизорын қосты. Кезекті сүйікті актері ойнайтын «Дениз» сериалы басталып кетіпті. Сол отырғаннан мол отырды. Сағат сайын берілетін, өзі сүйсіне тамашалайтын телехикаялардың көп екенін байқамаған. Енді, ұйқысы келді, уақыт түнгі ондарға тақау.

Өз елінде өмір сүріп, өз тарихыңмен сусындап, мәдениетін сезініп өмір сүргенге не жетеді, шіркін! Сұлтанмахмұтша сайрасақ, «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп кең пейілмен нық сеніммен көрсетерлік өз жаныңнан шыққан туындыларға масаттану да артықтық етпес. Қазақ қазір телеэкранға телміріп отырғанмен содан өзін көре ала ма? Өзі ойлап шығарған кино әлеміндегі туындылары некен-саяқ болған күннің өзінде назарын сол жаққа бұра ма? Жоқ, түріктің небір стихияға толы шырмалған телехикаяларына телміріп, корейдің жын аралас сусынына еліктеп, жапонның әйел затына ұқсаған кейіпке енген ерлері азған заманын көксеп жүр ме? Ұлт үшін деп ұрандаған талай жастарды мазалады осы сауал. «Әр әннің бір қайыры бар деген», бұл сауалдың түп-төркіні шешіліп, нүкте қойылар шақ туар ма? Кім қояды. Беймәлім...

Талайды торға тізгіндеген түрік сериалдары қазақ қоғамын кеңінен жаулап тұр қазір. Киноның дегеніне көніп бірінің езуіне күлкі ұялап, кейбірінің нұрлы келбетінен мұңлы кейіп байқалып сөздерінің төркіні түрікке ауысқан. Тіптен, кейбірі қазақшасын дұрыстамақ түгілі сол жұрттың жаргондарына үйірсек болып, қолданысына енгізіп алғалы қашан. Әрбір адам жеке бір әлем. Яғни, әр пенде өз әлемінде өмір сүреді. Қазірде адамның санасын оңай жаулап алудың бір үлгісі — қаптаған телесериалдар болып отыр. Телеэкранға телмірген әр үңілуші өз әлемінің ішінен бір кітапқа ұқсас жеке әлем ашып

алып, оған небір сериалдардағы (шынайы емес) әртістерді енгізіп қояды. Құр қиялға беріліп, ғашық болып та жатады. Сұлу бейнелі сылдыр серілерді арманының бейнесіне айналдырып, әртістерше киініп, жүріс қимылдарын өзгертіп, шаш үлгісіне дейін қойып жатады. Бәрі бос қиял, құр елес. Жат елдің кино түсіруші режиссерлеріне қалтасын мол қаражатпен қампайту болса, бұл — қазақ жастары үшін өз болашағына өз қолымен балта шабумен бірдей. Санасын киноға аударған әрбір көруші оның әр бөліміне ерекше назар аударып, уақытын құр жібергенімен қатар, ғажайыпқа толы ғұмырды аңсайды. Осының кері, әрбір қазақстандық астына қымбат маркалы «джип көлігі», қоныс орнына «бірнеше қабатты коттедж», ол аз болғандай «креслоны» аңсап қиял әлеміне енеді. Қайыршыларды қоғам жасайды деган жаңсақ пікір пайда болады назарда. Нәпақа сұрап қол жайғандар, «жұмыссыздық», елдің «бай мен кедей» болып ажырауы — бәрін киноның бір күндік сериалы айтып береді. Көруші көпшілік сол қаптаған хикаялардың бір сюжетінен үзіп тұрып жақсы жағын алса, шіркін! «Он алты жасқа толған жасөспірімдерге көруге рұқсат етілген фильм» дегенмен жасы үлкені де, кішісі де қатар жайғасып көре береді. Керемет идеяға негізделген сапалы түсірілімде актерлердің өз ролінде шебер ойнауы жақсы қырынан көрініп тұрғанмен, тәрбиелік мән-мағына бермейтін, іліп алар дүниесі аз телесериалдар саны көп.

Ұлттық арналарымыздың төрінен ойып тұрып орын тепкен түрік сериалдарын көргенде ішің удай ашиды. Тіпті, бірі аяқталып жатса, келесісінің боларын бір апта бұрын жарнамадап, көрушіні жоғалтудан қорқудың амалы екені көрініп тұрады. Тілдің көсегесін көгертіп, ұлттық дәстүрімізді насихаттап, тарихты дәріптейміз деп безер қаққандарға бұл құбылыс мүлдем жат болып отыр. Қазіргі қазақ телевизиясы — әрбір қазақстандықты тәрбиелейтін, жақсылықтың ұшқынын көрсетер тәрбие құралының бір саласы болуы жайт. «Қазақстан

ұлттық арнасында» түрік, корей телесериалдарының көрсетілуі, «Мәдениет» арналарында шетел фильмдерінің берілуі үрдіс алды. Басқа тәуелсіз арналарды бөлек қойғанда қазақ тілінің насихатталуы, тәрбиелік сарындағы көрсетілімдер қатары аз. Қатарынан көрсетілетін арнадағы түріктің «Дениз», «Қайта бұр жарған шынар», үндінің «Келін» телесериалдары қайталаумен көрсетіледі. Тәрбиенің титтей болсын ұшқынын көрдім, «кино көрдім-ау» деп асыра айтып, рухани ләззат алу қиын. Көруші клиенттердің көбі қазақстандықтар деп ұрандаған бір-сарынды сюжетке құрылған «Дениз» телехикаясының өзі көп мәселені аңғартады. Отбасылық қарым-қатынастың бұзылуы, айырылуы, адам ұрлау, қорлау, зорлық-зомбылық, жастардың бұзылуы, қалай болса солай сөз саптауы бәрі кинода орын алады. Қандай тәрбие? Киноның мақсатын содан түсіне беріңіз. Кино көрдім деп мәз болған жастар ертең соны өз өмірінде қайталамасына кім кепіл? Жастар еліктегіш, не көрсе соны жасап бағады. «Ел ертеңі — жастар» дейміз. Өзіне керегін телесериалдан іздеген жастардың жайы ше? Осыған орай, жаужүректілігімен қатар, өршіл рухты биік қойған жоңғар-қазақ заманындағы түсірілімдерден үзінділерді көпшілік көп жиылар кешкі уақыттарда берсек. Қала берді, сол кезеңдегі қылышнан қан тамған идеологиялық кинотуындылар, қаншама боздақтардың ерлігін көрсеткен желтоқсан оқиғаларынан үлгі етіп кино ұсынса ел көрмес пе? Қайта, ұрпақ жігерін жаншып, намыстарын оятарлық туындыларды назарға ұсынса, айбарынан жел ескен рухты елдің «мен қазақпын» деп суырылып алға шығар нағыз ұлтжанды ұрпағы сонда көрінер. Бір күнде бір миллион көрермен жинаған «Жаужүрек мың бала» киносы мұның бұлтартпас дәлелі. Жастар қазақтың иісі аңқып, тарихынан таным-түсінік бере алатын дүниені отандық туындылардан іздейді. «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» дегеннің кері болмасын. Түрікпен таңын атырып, көрісе өмір сүретін ұрпақ өсіруден сақ болсақ игі еді...

Аяулым СОВЕТ, ҚарМУ студенті



В настоящее время молодежными организациями Казахстана проводится много различных мероприятий, позволяющих молодежи выражать свою гражданскую позицию. Это и флешмобы, и шествия, и демонстрации. Но немногие организаторы этих мероприятий знают, что могут нарушить закон и понести серьезную ответственность, если массовое мероприятие не будет проходить в рамках Закона Республики Казахстан от 17.03.1995 № 2126 «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан». Настоящий Закон определяет порядок организации и проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан. Ниже мы публикуем сам текст Закона.

Закон Республики Казахстан от 17.03.1995 № 2126 «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан»

Статья 1

Формами выражения общественных, групповых или личных интересов и протеста, именуемых в законодательстве собраниями, митингами, шествиями и демонстрациями, следует понимать также голодовку в общественных местах, возведение юрт, палаток, иных сооружений и пикетирование.

Статья 2

О проведении собрания, митинга, шествия, пикета или демонстрации подается заявление в местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района (города областного значения).

Заявления о проведении собрания, митинга, шествия, пикета или демонстрации подаются уполномоченные трудовых коллективов, общественных объединений или отдельных групп граждан Республики Казахстан, достигшие восемнадцатилетнего возраста.

Статья 3

Заявление о проведении собрания, митинга, шествия, пикета или демонстрации подается в письменной форме не позднее, чем за десять дней до намеченной даты их проведения. В заявлении указываются цель, форма, место проведения мероприятия или маршруты движения, время его начала и окончания, предполагаемое количество участников, фамилии, имена, отчества уполномоченных (организаторов) и лиц, ответственных за соблюдение общественного порядка, место их жительства и работы (учебы), дата подачи заявления. Срок подачи заявления исчисляется со дня его регистрации в местном исполнительном органе города республиканского значения, столицы, района (города областного значения).

Статья 4

Местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района (города областного значения) рассматривает заявление и сообщает уполномоченным (организаторам) о принятом решении не позднее, чем за пять дней до времени проведения мероприятия, указанного в заявлении. Местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района (города областного значения) в целях обеспечения прав и свобод других лиц, общественной безопасности, а также нормального функционирования транспорта, объектов инфраструктуры, сохранности зеленых насаждений и малых архитектурных форм при необходимости пред-

Гражданскую позицию необходимо выражать в рамках закона

лагает обратившимся с заявлением иные время и место проведения мероприятия. Решение может быть обжаловано в порядке, установленном действующим законодательством.

Статья 5

Собрания, митинги, шествия, пикеты и демонстрации, а также выступления их участников проводятся в соответствии с целями, указанными в заявлении, в определенные сроки и в обусловленном месте.

При проведении собраний, митингов, шествий, пикетов, демонстраций уполномоченные (организаторы), а также иные участники обязаны соблюдать общественный порядок.

Организаторам и участникам мероприятия запрещается:

— препятствовать движению транспорта и пешеходов;

— создавать помехи для бесперебойного функционирования объектов инфраструктуры населенного пункта;

— устанавливать юрты, палатки, иные временные сооружения без согласования с местными исполнительными органами города республиканского значения, столицы, района (города областного значения);

— наносить ущерб зеленым насаждениям, малым архитектурным формам;

— иметь при себе холодное, огнестрельное и иное оружие, а также специально подготовленные или приспособленные предметы, могущие быть использованными против жизни и здоровья людей, для причинения материального ущерба гражданам и собственности юридических лиц;

— вмешиваться в любой форме в деятельность представителей государственных органов, обеспечивающих общественный порядок при проведении мероприятия.

Уполномоченные (организаторы) в установленном законом порядке несут ответственность за нарушение норм, предусмотренных настоящей статьей.

Статья 6

Государственные органы, общественные объединения, а также граждане не вправе препятствовать собраниям, митингам, шествиям, пикетам и демонстрациям, проводимым с соблюдением порядка, установленного настоящей статьёй.

Статья 7

Местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района (города областного значения) запрещает собрание, митинг, шествие, пикетирование или демонстрацию, если целью их проведения является разжигание расовой, национальной, социальной, религиозной нетерпимости, сословной исключительности, насильственное ниспровержение конституционного строя, посягательство на территориальную целостность республики, а также нарушение других положений Конституции, законов и иных нормативных актов Республики Казахстан, либо их проведение угрожает общественному порядку и безопасности граждан.

Не допускается проведение массовых мероприятий на объектах железнодорожного, водного и воздушного транспорта, а также у организаций,

обеспечивающих обороноспособность, безопасность государства и жизнедеятельность населения (городской общественный транспорт, снабжение водой, электроэнергией, теплом и другими энергоносителями), и учреждений здравоохранения и образования.

Статья 8

Собрания, митинги, шествия, пикеты и демонстрации должны быть безусловно прекращены по требованию представителя местного исполнительного органа города республиканского значения, столицы, района (города областного значения), если: не было подано заявление, состоялось решение о запрещении, нарушен порядок их проведения, предусмотренный статьями 4, 5 и 7 настоящего Закона, а также при возникновении опасности для жизни и здоровья граждан, нарушении общественного порядка.

В случае отказа от выполнения законных требований представителя местного исполнительного органа города республиканского значения, столицы, района (города областного значения) по его указанию органами внутренних дел принимаются необходимые меры по прекращению собрания, митинга, шествия, пикетирования и демонстрации.

Статья 9

Лица, нарушившие установленный порядок организации и проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций, несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Материальный ущерб, причиненный во время проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций их участниками гражданам, общественным объединениям, государству, подлежит возмещению в установленном законом порядке.

Все дополнительно возникшие затраты, в том числе по охране общественного порядка, предоставлению помещений, санитарной очистке, освещению и радиофицированию места проведения собрания, митинга, шествия, пикета и демонстрации, возмещаются их организаторами.

Статья 10

Местные представительные органы могут дополнительно регламентировать порядок проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций с учетом местных условий и в соответствии с требованиями настоящего Закона.

Статья 11

Порядок организации и проведения собраний и митингов, установленный настоящим Законом, не распространяется на собрания и митинги трудовых коллективов и общественных объединений, проводимые в соответствии с законодательством, их уставами и положениями в закрытых помещениях.

«Жасыл ел» спешит на помощь!

В Карагандинском государственном университете им. Е.А.Букетова состоялось торжественное закрытие трудового сезона студенческих строительных отрядов. В 2012 году в рамках программы «Жасыл ел» трудоустроено более 12 тыс. ребят.

В рамках программы «Жасыл ел» в стране посажено более 11 млн саженцев, завезено большое количество земли. Ежегодно студентами КАРГУ высаживается от 300 до 500 саженцев. На такие работы по озеленению каждый год устраиваются представители студенчества. В рамках акции очищались дворы, проводились очистительные работы по берегам рек и высаживались деревья на очищенных местах. В Казахстане по программе «Жасыл ел» в год высаживается 63 тыс. га леса, из них 5 тыс. — в Астане. Об этом говорил в напутственном слове к жасыл-елевцам Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. Он отметил, что вся страна должна участвовать в озеленении, чтобы сделать хороший подарок будущему поколению.

В этом году по программе «Жасыл ел» удалось объединить практически все районы Карагандинской области; объем финансирования, направленного на повсеместное озеленение и благоустройство, превысил 160 миллионов тенге. Помимо прочего жасыл-елевцы активно участвовали в различных акциях, продемонстрировав слаженную командную работу. За трудовой сезон было очищено и благоустроено около 2500 га территории населенных пунктов, посажено более 40 тыс. деревьев.

Активисты Карагандинской области, включая ССО и «Жасыл ел», примкнули со всем своим пылом юности. И теперь им есть чем гордиться: свыше 10 тысяч гектаров обработанной территории и трех сотен ликвидированных свалок, более 200 приведенных в порядок парков и скверов и 80 тысяч единиц зеленых насаждений, десятки километров вычищенных лесополос, речных пойм и берегов озер. Награждение победителей проводилось и по другим номинациям. Лучшие штабы ССО и «Жасыл ел», лучшие командиры отрядов, лучшие бойцы получали благодарственные письма акима области и памятные призы. К слову, особым похвал удостоился студент физического факультета нашего вуза Саидрахимов Нурболат, он получил звание лучшего бойца «Жасыл ел».

Президентская программа «Жасыл ел» стала по-настоящему массовым молодежным движением. Эта программа не только позволяет преобразовать и благоустраивать города и районы, но и способствует патристическому воспитанию молодежи.

Соб. инф.



Ұлылардан ұлағат

Абайдың сара жолымен

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік», — деп сөз бастапты Абай атамсыз өзінің бірінші қара сөзінде. Бұл бір ауыз сөздің өзінде көп мән-мағына, сырсымбат, талғамды өнер бастамасы етек алады.

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған. Абай бұл сауалдарына өзінің қырық бес қара сөздерінен жауап тапты деп есептеймін. Себебі біз шешуі қиын сансыз сұрақтарымыз бен сан-саққа кеткен ойымыздың түп төркінін көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген қара сөздері арқылы бағыт аламыз. Мектептік шағымызда Абайдың қара сөздерінің түп төркінін түсініп, оның терең мағынасына бойлай алмайтын деңгейде едік, ал бүгінгі таңдағы студент жастардың ең бір ақылшы серігі — қара сөздер. Абайдың сол кездегі көтерген мәселелері қазіргі уақытқа дейін өзекті, тіпті қазіргі заманда өмір сүріп жатыр дерсің. Оның ішінде бүгінде өз кезегін таппай келе жатқан тіл, дін, жемқорлық, ұрлыққа қатысты айтылған өзекті ойларын айтуға болады. Мұхтар Әуезов атамсыз: «Бұл шығармаларында Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ұстаз тәрізденеді», — деген еді. Абай атамсыздың қара сөздері көлем жағынан да ерекше. Келешек жастарымыздан Ұлы Абай атамсыздай бір дананың өсіп келе жатқанына сенеміз. Абай ұрпақтары өсіп, өне берсін!

ПЕРИЗАТ ӘБИШЕВА,
ҚЖ-11 Тобының студенті

Бала үшін ана өмір сүреді

«Шын бақ — ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде» дейді Шәкәрім. Ал, ана тақырыбында көптеген шығармалар жазған Ф. Мүсіреповтің: «Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімнен көрінеді», — дегені бар. Ана сөзіне адам баласы тегіс бас иеді. Өйткені, тоғыз ай жүрегінің астында көтеріп жүріп, бес күндік жарық дүниені сыйлаған анаға мәңгі қарыздармыз. Дана қазақтың «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да ақ сүтін өтей алмайсың» деген сөзі көкейімде сайрап тұрады. Сондықтан, ана мен бала — егіз ұғым. Екеуін бір-бірінен бөліп-жарып елестете алмайсың. Пайғамбар хадистерінде: «Алдымен анаңа жақсылық жаса», — деген екен. Менің алғаш қалам тартып, ана туралы жазған өлеңім бар.

Бала деген — анасының жүрегі,
Бала үшін ана өмір сүреді.
Егер бала көңілденіп, қуанса,
Анасы да қуанады, күледі.

АЙТОЛҚЫН РАХЫМ,
журналистика бөлімінің
1 курс студенті

Жүрейікші жүрек ауыртпай

Қарағанды шаһарының қақ төрінен орын тепкен қала тұрғындарының мәдени ордасы Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында қалың көпшілік назарына қойылым ұсынылды.

Алматыдан жеткен Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының ұжымы қаламызда. Тұрғындарды, қала қонақтарын өз туындыларымен таныстырып, театрдың тіс қаққан шебер әртістерінің образдарына енуге даяр. Он үшінші қыркүйектен басталған қойылымдар ретімен жиырма бірінші қыркүйекке дейін қала тұрғындары мен қонақтары назарында. Театрдың ұжымындағы белді әртістер Сәбит Оразбаев, Құман Тастанбеков, Рәшида Хаджиева, Қымбат Тілеуова, Бекжан Тұрыс, Бақтияр Қожа, Дәрия Жүсіп, Дулыға Ақмолда, Асылбек Боранбай, Шынар Асқарова, Назгүл Қарабалина, Азамат Сатыбалды, Жандарбек Садырбаев, Ләззат Қалдыбекова, Еркебұлан Дайыров сынды шебер актерлер қауымы өнерлерін ортаға салмақ. Бүгінгі күнге белгіленіп қойылған сеанс сағат 6.30 да басталды. Әдеттегіше, театрымыздың іші көрем деп келген көпшілікке лық толы. Ұсынмақ қойылым Б. Жәкиев авторлығымен «Жүрейікші жүрек ауыртпай» деген атауда. Тақырыбы ұнап, көңілге қонымды естілгендіктен бе, әлде, шынайы жүрек қалаушылық па, әйтеуір, көрерменнің көбі жастар екені бірден бай-

қалды. Тіптен, қассаның өзінде артық билет қалмаған. Билет іздеп «сатыңызшы маған» деп жалынған студенттер. Көбі қойылымның жеке мазмұнынан бейхабар, біразы көптен күтіп арнайы келіп отырса керек-ті. Қойылым басталып кетті. Залда мүлгіген тыныштық. Жастар неге мол жиналған? Осы сауалға жауап іздедік. Ата-ананың ақ батасын алып, әженің сиқырлы ертегілерін естіп өскен жас ұрпақ осындай сорақылыққа барар-ау деу жөнсіз. Су ішкен құдығына түкірмес. Қоғамдағы орны толмас жағдаяттарға жастарды орынсыз кінәлап, қоғамның сұрықсыз кейпі ретінде көрсету де тым әсірелеушілік. Жер ғаламшарында 16 млн. қазақ ұлты тіршілік нәм қарекет қылады. Оның жартысынан көбі жастар. Қоғамның негізін қалап, өмірді жарқын қылып өткерудегі тың идеялар жасаушы да — жастар. Осы пікірге балама оқиға бүгінгі қойылымда орын алды.

Қойылымның аққамасы, негізгі идеясы бәрі-бәрі бүгінгі қоғамды толғандырған жай. Санасыз келін. Жетесіз ұл. Келін мен ұлдың сүреңсіз, еріксіздіктен жымияған ажарына телмірген әке. Қарттар үйі. Тілі ащы сөздерге толы долы келіннің айтқан әрбір удай сөздері қарт жүрегіне мірдің оғындай қадалады. Жарының айтқанын алғыс, қара дегенін — қарғыс деп таныған күйеуі әйелінің айтағынан аса алмайды. Барды қанағат тұтпау, ашкөзділік, байлықтың буы басын айналдырған келіні ақшадан басқаны ойлағысы жоқ. Шыр етіп дүниеге келген сәттен табанын тасқа тигізбей

өсірген ұлының әкесіне жасаған сыйы — мүгедектер арбасына өз қолымен отырғызуы. Қарттың бірге шаңырақ көтеріп, керегесін керген адал жарынан қол үзгеніне бір жыл екі ай. Содан бері ұлы мен келіннің қолына келгендегі күні күн емес. Тозған жүйке. Келіннің таңнан кешке дейінгі мазасыз ызыңы мазасын алып, шашының ағарғаны көбейген. Қойылымның соңы сорлы әкенің үйі табалдырығын өз еркімен аттап, «қарттар үйінің» есігін қағуға мәжбүрлейді. Мәні мен маңызын жоғалтпас қойылымда, көркем образдарда шебер ойнай білген әртістер қауымына көрермен тарапынан шапалақтың шуылы ұзақ соғылды. Көз жасын тыя алмаған қыз-келіншек, әжелер жағы шынайы әсер алғанын жеткізіп жатты. Небір шаһқар туындылар жасайтын авторлар мен сол рольдерде шебер ойнайтын кәсіпқой әртістер қауымына халық дән риза. Бұл құбылысқа соғылған ду қол шапалақ, сұлу жанардан төгілген көз жасы куә.

Р. С. Әке-шешенің көз жасына қарамастан қарттар үйіне жеткізуге асығатындар аз емес. Ата-анасыз сүрген ертеңгі өмірі, олардың аялы алақанының жылудың сезінген бір сәтке жетпесін сезер ме екен? Үкілеген үміттерін өшіріп, перзенттік парызды өтеуден ада болғаны ма? Екі аяғыңмен тік тұрып, алтын нұрға бөленген таң шапағын өз көзіңмен көріп тұрсың. Не тұрыс? Ана мен әкенің қадір-қасиетін дәл осы мезеттен сезіне бер, замандас!

АЮЛЫМ СОВЕТ,
журналистика бөлімінің
3 курс студенті

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» демей ме?!

...Осы бір «құрбан болу» сөзін біз әрдайым ұлтжаңды жастарды еске алуда қолданушы едік... «Желтоқсанның қыршыны кеткен құрбандары», «Ұлы Отан соғысының құрбандары» сынды әр мінезді жандардың ерліктеріне баға берер бұл сөздің қазіргі қоғамның құрбаны болғанына жүрегім қан жылайды. Неге дейсіз ғой?.. Көпшілікке топырақ шашудан аулақпын. Дегенмен, енді ғана бой түзеп келе жатқан жас өрендердің азамат есімін алудан бұрын, арам атқа лайық болып жататындығы рас... Қоғамның салдары дейміз бе, заманның салдары дейміз бе?.. Тәрбиеден деп жататындар да баршылық. Мынау жалған дүниенің ең асыл өкілі адамзаттың өзінен бе екен әлде? Не де болса, болашақтың іргесін қолдарына алады-ау деген кейбір жас буындар өздерін жаман әдеттен алып шыға алмай жатқандығы өкінішті...

Елбасымыз да бар күш-жігерді жастардың тәрбиесіне, жастардың біліміне, жастардың әл-ауқатына салып жатқандығы белгілі, себебі бүгінгі жас — ертеңгі болашақ. Сонша жыл бодандық көрген, сонша жыл қиындық көрген, талай боздақтарынан айырылып, арып-ашып тәуелсіздікке әрең жеткен елдің болашағы! Әйтсе де, қазіргі қоғамымызда ішімдікке, темекіге, нашақорлыққа, көрсекызарлыққа, жүрексіздікке ие болып отырған жандар баршылық...

Туған елім — тұғырым

Әр қазақ баласы өз Отанына шын ықыласпен қарап, оны сүйе білу керек деп ойлаймын. Қасиетті Есіл өзенінің бойымен серуендеп келе жатып, ерекше әсерге бөленіп, тұңғыық ойға кіріп кетіпшім. Еңсем көтеріліп, ұлы халықтың, еркін елдің өкілімін деп айқайлағым келді.

Менің ойымша, о баста, Қазақстан еркіндік алған жылы Отанымызды басқаратын жол бастаушымызды дұрыс сайлап алдық. Соның арқасында осындай зор жетістіктерге жетіп отырмыз. Екпінді, еркін дамып келе жатырмыз. Дегенмен, алда талай асу бар, тың ойлар, ме-

Темекі мен ішімдікті он сегіз жасқа жетпеген жасөспірімдерге сатуға рұқсаттың жоқтығы туралы заңның болғанымен, оның қаншалықты іске асып жатқандығы беймәлім. Кейбір дүкендерде пайданың көзіне айналған бұл заттардың құнына қанығып алған сатушыларды жас буындардың кәметтік жасқа толған, толмағаны қызықтырмайтынын көзіміз шалған кездер де болды. Мектеп қабырғасында үлкен балалардың кіші сыныпқа күш қолданатындығы тағы бар. Сол күштерін кейде қызыққа салып, қаламаса да осы бір зиянды заттарға тәуелді болуға мәжбүр ететіндігіне өзім талай куә болғанмын. Темекінің сыртқы қобдишасында «денсаулыққа зиянды» деп жазып қойған сөздің адамзат қауымына қаншалықты әсер ететіндігі қызық әрі неге спиртті ішімдіктердің сыртына да осы сөзді жазбайды деген сұрақ туындайды. Көршімнің шағын ғана дүкені бар еді, саудасынан түскен қаржы да күнделікті тұрмыстарына жетіп артылатын. Кейіннен ол кісілер ішімдіктер мен темекіні сатуды мүлдем доғарды, одан кейінгі сауданың күрт төмендегені соншалық, үш аптаға жетпей дүкенді жабуға мәжбүр болды. Демек, бұл заттардың бізге қаншалықты құнды екендігін біле беріңіз. Тіпті құны наннан да артық болып бара ма деген ой туындайды, Құдай сақтасын!

Наурыз айында құрбымды көлік қағып кеткен кез есімде. Сегіз метр жерге ұшырып жіберіпті, қаншама жарақат алса да, Алланын бұйырғаны ғой, ол бұл апаттан аман қалды.

«Өмірге құштар қыз екен, мұндай апаттан аман қалады деген үмітіміз жоқ еді» дейді дәрігерлер. Сол құрбым есін жиып, өзіне біраз келген кезде: «Болашақта билікке жақындасам, ең бірінші ұсынысым — көлікке он сегіз жастан заттыруға тыйым салу туралы болады. Көлік айдауға, темекі, ішімдікті сатып алуға неге тек қана 25 жастан кейін құқылы болмайды?! Мені 19 жасар жігіт қағып кетті ғой», — деп жылап жіберген еді... Өте білімді, өнерлі, сұлу құрбымның бұл күйін көру бізге де оңай соқпады. Расымен осындай заңның күшіне енгенін қалар едім. Не дегенмен адам 25 жастан соң ақыл тоқтатып, салмақты бола түседі емес пе? Әрі көлікті қызығушылық үшін емес, жұмысқа қажетті құрал ретінде пайдаланар еді. Өзім Алматы қаласының тұрғыны болғандықтан көлік кептелісінің жағдайын жақсы білемін. Межелі жерге жету үшін екі жарым не үш сағат уақыт керек. Демек бір күнде бітіретін жұмысыңның да саны төмен деген сөз. Ал көлікке 25 жастан отыруға рұқсат туралы заң шықса, бұл бір жағынан сол кептеліс мәселесінің аз да болса шешімінің бастауы болар еді және экологияға да әсері оң екендігі сөзсіз.

Бәріміз де егемен елдің жастарымыз... Сондықтан, ел дегенде жанымыз бір болса екен деп тілеймін әрі өз құрбы-құрдастарымды саулауатты өмір салтын ұстануға шақырамын!

АҚИЕТ БАЛТАНОВА,
журналистика бөлімінің
1 курс студенті

рек. Осы мақсатқа жету жолы біріншіден, ана тілімізді, киелі салт-дәстүрімізді биікте ұстау, екіншіден, Елбасымызды, Туымызды және Елтаңбамызды құрметтеу, үшіншіден, ел бірлігін сақтап, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілдеріне дұрыс көзқарас таныту деп ойлаймын. Менің арманым тыныштық, бейбіт өмір, ана тілімнің мемлекеттік тіл болып қалуы, оның нығайтып, дамуы.

Р. С.: «Мен сенің күніңді, түніңді сүйемін! Киелі кең дала, гүлдің сүйемін. Ананың сүтімен дарытып, Туғаннан үйреткен тіліңді сүйемін!»

АЙДАНА АЙТКЕНОВА,
журналистика бөлімінің
1 курс студенті

Казахстан делает ставку на интеллект



19 октября в «Российской газете» № 242 (5915) опубликована статья Сергея Бондарева «Казахстан делает ставку на интеллект», посвященная анализу ключевых факторов успеха Казахстана в модернизации научно-образовательной сферы и повышении глобальной конкурентоспособности страны. Полагаем, что оценки российских специалистов и экспертов будут интересны читателям нашей газеты.

Одна из главных жертв мирового экономического кризиса — система образования. Острый нож секвестра расходов неумолим к нему даже в сравнительно благополучных странах. Уволены сотни тысяч специалистов, мощный вал забастовок педагогов прошел в США и Европе. Как итог — падение конкурентоспособности экономики, проигрыш всего общества.

Противоположная тенденция в Казахстане и не только в сфере образования. Казахстан в нынешнем году удивил весь мир, совершив прыжок вверх в рейтинге конкурентоспособности, по оценке участников форума в Давосе, сразу на 21-ю позицию, что оказалось не под силу ни одной стране. Одна из главных причин — мощный рывок в научно-образовательной сфере.

Ресурсы на науку и образование страна жалеть, судя по всему, не намерена. Только за последние два года расходы на образование выросли на две трети, и это на фоне усиления мирового кризиса и урезания таких расходов в других странах.

Казахстан вообще очень продвинутая страна, как в экономическом, так и в социальном и научно-образовательном плане. Там реализуются многие проекты, которые в странах СНГ, а зачастую и в мире, только начинают обсуждать.

Например, Казахстан первым среди государств СНГ полностью перешел на трехуровневую систему обучения в высшем образовании «бакалавр — магистр — доктор философии». Этот очень ответственный шаг был тщательно проработан. Причем не формальным переименованием кандидата наук в PhD (док-

тор философии), а кардинальным изменением всего процесса подготовки научных кадров.

Президентом Нурсултаном Назарбаевым еще несколько лет назад была выдвинута совершенно новая для страны модель управления наукой, максимально адаптированная к передовой международной практике. Она закреплена в новом Законе «О науке» и ныне полностью реализована. Уникальную прибавку получило и финансирование науки — за два года рост в 2,5 раза.

Результат очевиден: все более глубокая интеграция в мировую научную систему. В разы — до тысячи с лишним в год — увеличилось число видных ученых, приезжающих в Казахстан для преподавания в вузах и проведения совместных исследований. Вклад вузов в науку удвоился, как и количество публикаций казахстанских ученых в мировых научных изданиях.

Еще в 1993 году Назарбаев запустил проект обучения молодых казахстанцев в ведущих университетах мира — программу «Болашак». Она полностью себя оправдала, и сегодня «зарубежные выпускники» занимают серьезные посты в системе госуправления, науке, бизнесе. Лишь спустя годы аналогичные подходы стали использовать другие страны — Китай, Азербайджан и др.

Два года назад в Казахстане была принята уникальная новая государственная программа развития образования, нацеленная на достижение принципиально нового качества обучения. Она может рассматриваться как пример для многих стран мира.

Так, Казахстан первым в СНГ с 2011 года приступил к модернизации педагогического образования. Резко сокращено число вузов, готовящих педагогов, кардинально пересматриваются программы их подготовки. К примеру, в сотрудничестве с Кембриджским университетом запущены принципиально новые программы переподготовки учителей.

Кстати, сделать это было очень непросто. Сфера образования — вещь чрезвычайно инертная, любые реформации наталкиваются на сопротивление. Спросите учителей у нас в России: многие ли из них хотят переучивать-

ся? А в Казахстане, пусть не сразу, но удалось сломать этот психологический барьер. По результатам переподготовки учителям серьезно поднимут зарплату. А всего квалификацию за 5 лет повысят свыше 120 тыс. человек, а это — более трети учительского корпуса страны.

